

Қарағанды қаласында тамыры терең, ғылыми жетістіктері мол, кенді өлкенің табиғи байлықтарының інжу-маржандарын алыс-жақын шетелдерге кеңінен таратып отырған Химия-металлургия институты жұмыс істейді. Іргелі ғылым ошағына айналған бұл үлкен мекемені жергілікті тұрғындар қысқаша ХМИ деп атап кеткен.

Иә, тарихтан асқан шежіреші жоқ, енді соған көшейік.

Кезінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі аумақтық-өндірістік кешендер өнеркәсібі барынша дамыған Орталық Қазақстанның ғылыми базасының дамуына айрықша көңіл бөлген. 1958 жылдың қыркүйегінде Қазақ КСР Ғылым академиясы Төралқасының Қаулысымен Химия-металлургия институтын құру жөнінде шешім қабылданады. Орталық Қазақстанның табиғи байлықтарын бағалау мен зерттеу және оларды кешенді түрде өңдеудің тиімді әдістерін әзірлеу осы жаңа институттың басты мақсаты болып белгіленді. Институттың қалыптасу кезеңдері қара және түсті металлургия, химия, тау-кен ісі, геология және басқа да салалар бойынша түрлі профильді зертханалар жабдықтаумен сипатталады. Бұл институтты әр жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі И.Әзербәев (1958-1960 жж.), Қаз КСР ҒА академигі Е.Бөкетов (1960-1972 жж.), Қазақстан Республикасы ҒА корреспондент-мүшесі Ж.Әбішев (1972-1992 жж.), техника ғылымдарының докторы, профессор В.Малышев (1992-1994 жж.), ҒА корреспондент-мүшесі Б.Фиалков (1994-1997жж.), техника ғылымдарының кандидаты Б.Хасен (1997-2001 жж.) басқарған еді.

Институттың қапыптасуы мен дамуына елімізге аса әйгілі көптеген ғалымдар баға жетпес үлес қосты. Солардың қатарында Қазақ КСР Ғылым академиясының академиктері Е.Бөкетов, В.Понамарев, В.Михайлов, В.Грузинов, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі Ж.Әбішев, техника ғылымдарының докторы Т.Ғабдуллин, профессор А.Рахимов, сондай-ақ, республикамыздың аға ғалымдары-академиктер Ә.Жәрменов, З.Молдахметов, Н.Бектұрғанов, С.Әдекенов, ғылым докторлары А.Әлімбаев, Б.Қасенов және басқалар бар.

- Өзі тірі болғанда 2011 жылдың наурыз айында Жантөре Нұрланұлы Әбішевтің 75 жасқа толған мерейтойын тойлаған болар едік. Бірақ, өмірден ертерек өтіп кеткен асыл азаматтың есімін құрметпен еске алу мәселесі жадымыздан еш шыққан емес, - дейді ХМИ-дің қазіргі директоры, ғылым докторы, профессор Манат Толымбеков. - Қазақстанның минералдық шикізатын байыту үрдістері мен металлургиялық өңдеуді зерттеуге 42 жылын арнаған тамаша ғалым, ҚР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ұлттық орталықтың бірінші Бас директоры Жантөре Әбішевті еске алу құрметіне ХМИ-дің ғылыми кеңесі мен ҚР ИЖЖТМ Минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу Ұлттық орталығының шешімі

аса ірі Лисаковск кен орнының темір-кенді шикізатын кешенді пайдалану технологиясының теориялық негіздері қаланды, оның нәтижелері Қазақстан қара металлургиясының негізгі шикізаты болып кеткен құрамы бай емес фосфорлы кендерді әлемдік тәжірибеде ең алғаш

• ҚАРАҒАНДЫ ҒАЛЫМДАРЫ



Мұраты - асқақ,

мұрасы - бай

Ғалым-металлург Ж. Әбішевтің

Ғұмырнамасынан сыр

рет өндіріске тартуға мүмкіндік» берді. Қарағанды металлургия комбинатына енгізіліп, іске асырылған бұл ғылыми-техникалық кешен кезінде КСРО-ның ғылым мен техника жөніндегі Мемлекеттік сыйлығына ие болған еді. Жасалған технология Үндістанда осындай шикізатты өңдеуге және металлургиялық кешен са-

ру мүмкіндігін көрсеткен еді.

Гидротермальды сульфидтеу технологиясы Ресейдегі дүние жүзіне әйгілі, ең ірі Удокан кен орнының тәжірибелік байыту фабрикасын жобалауға негіз болды. Әдіс бірқатар шет елдерде патенттелген. Зерттеу нәтижелері бойынша «Ауыр түсті металдардың оксидтік шикізаттарын кешенді пайдалану» атты монография басылып шыққан («Наука» баспасы, Алматы, 1989 ж.).

Ж.Әбішев өзінің шәкірттерімен бірге түсті металлургия шикізаттарынан ауыр, түсті және сирек металдарды барынша толық бөліп шығару арқылы кремний қышқылын бөліп алу тұрғысында терең зерттеулер жүргізді және жезқазғандық мыс концентраттарының мысалында осы жолдың барлық артықшылықтарын көрсете білді. Мысты концентраттарды сілтілік автоклавтық кремнийсіздендіру үрдісін қолдану кен шикізаттарын кешенді пайдалануды жаңа сатыға көтеруге мол мүмкіндік берген.

Минералдардың гидрофобты қасиеттерін мақсатты қалыптастырудың негізінде Ж.Әбішев табиғи гидрофобты минералдардың шар бейнелі ірілендірудің негізін жасады. Мұндай минералдарды әдейі таңдап алынған электролиттерде

КСР ҒА Химия-металлургия институты ең алғаш рет Қазақстан Компартиясы мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің, Қазақстан Кәсіподақтар Кеңесі мен Қазақстан ЛКЖО ОК-ның ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алған болатын.

Институт директоры М.Толымбековтің әңгімелеуінше, индустриясы өркендеген Орталық Қазақстанда мықты өнеркәсіптік және химия-технологиялық әлеуеттің нығаюына елеулі септігін тигізді. 1983 жылдың қазан айында ХМИ-дің негізінде республикалық академияның Қарағанды бөлімшесі ұйымдастырылып, оның төраға орынбасары болып Ж.Әбішев тағайындалды. 1984 жылы осы бөлімше ҚазКСР ҰҒА Орталық Қазақстан бөлімшесі (Қаз. КСР ҒА ОҚБ) болып өзгерді, оның академик-хатшысы қызметіне Ж.Әбішев бекітілді және ол ҚазКСР ҰҒА Төралқа мүшесі болып сайланды.

Ж.Әбішев 1972-1992 жылдар аралығында Қарағанды облысы ректорлар Кеңесіне мүше болды. 1984 жылы, ол ХМИ жанынан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің бейорганикапық химия кафедрасы филиалын ашты. Бұл филиал студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулуға үлкен себепші болды. Ал, өзі 5 жыл бойы

жаңа ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту жайындағы шаралар жөніндегі» Өкіміне сәйкес Қазақстанның технологиялық оққылықтарын жоюды қамтамасыз ету мақсатында Ж.Әбішевтің қатысуымен Ұлттық ғылыми кадрлар тобы құрылған-ды. 1993 жылы Жантөре Нұрланұлы республиканың тау-кен жұмыстарын, пайдалы қазбаларды байытудың және металлургияның артықшылығын дамытудың республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі мекеме болып табылатын Қазақстан Республикасының минералды шикізаттарды кешенді өңдеу бойынша Ұлттық орталықтың бас директоры болып бекітілді.

Ғылыми және қоғамдық жұмыстары үшін Ж.Әбішев «Құрмет белгісі» орденімен, бірнеше медальдармен, ҚазақКСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» атағын иеленген. Химия-металлургия институтының қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесі, оның ғылыми мәртебесін жоғарлатқаны үшін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2000 жылдың 20 қазанындағы № 1576 Қаулысымен Химия-металлургия институтына ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Ж.Әбішевтің аты берілгенін қарағандылықтар жақсы біледі және орынды мақтан тұтады.

Қазіргі уақытта да институт Ж.Әбішевтің атын абыроймен иеленіп, оның қызметкерлері академик Е.Бөкетов пен академияның корреспондент-мүшесі Ж.Әбішев бастап кеткен түрлі ғылыми істерді жалғастырып келеді.

ХМИ ғалымдары жүргізген зерттеулердің нәтижесінде кентермиялық пештерде ферросиликоалюминий алу үрдісіне деген барлық технологиялық көзқарастар жаңаша қаралған, нәтижесінде арзан техногенді қалдықтардан (Екібастұз бассейнінің көміртекті жыныстары) тұзу карботермиялық жолмен өнеркәсіптік масштабта ферросил икоалюминий шығаратын әлемдік металлургия тәжірибесінде алғаш рет игерілген ферроқорытпа зауыты Екібастұз қаласында салынып, іске қосылды. Бұл қорытпаның басты тұтынушысы - «МитталСтил Теміртау» АҚ және Ресей Федерациясының шығыс аймақтарының бірқатар металлургиялық кәсіпорындары.

1993-2000 жылдар аралығында «Әлемдік деңгейге сай өнімдерді: ферросиликоалюминий (әлемде алғашқы рет) мен таза сұрыпты күкірт қышқылын шығаратын техногендік шикізатты өңдеу жөніндегі технологияларды әзірлеу мен өндіруді ұйымдастыру» жөніндегі технологиялық жұмыстар циклі үшін 2001 жылы «ҚР МШҚҰ ҰО» ғалымдарының шығармашылық ұжымы, құрамында Ж.Әбішев (қайтыс болғаннан кейін), Ә.Жәрменов, А.Терлікбаева, С.Байсанов, С.Дүйсембаева, және Б.Хасен бар бір топ ғалымдар ғылым, техника және білім саласының Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды.

Институт ғалымдарының ілкімді ізденісі арқылы бор құрамдас шикі құрамды төмен көміртекті феррохромның өз еркімен

М.Толымбеков, «Минералды ішкізаттарды химиялық өңдеу» курсынан дәріс оқып, курстық және дипломдық жұмыстарға жетекшілік етті. 1987 жылы оған «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығы бойынша профессор атағы берілуі осыны айғақтайды. Ұлағатты ұстаз ретінде де Ж.Әбішевтің есімі мыңдаған шәкірттердің жүрегінде ұялап қалған.

бойынша осы жылдың 22-23 маусымында «Әбішев оқулары-2011: «Байыту мен металлургиядағы гетерогендік үрдістер» атты хапықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізуге қызу әзірлік үстіндеміз.

Жантөре Нұрланұлы Әбішев 1936 жылы 18 наурызда Қарағанды облысы Тельман ауданының №13 кентінде (кейінгі Қарағанды совхоз-институты) қызметкер отбасында дүниеге келді. 1952 жылы ол Қарағанды қаласының №20 орта мектебін үздік бітіріп, Қазақ тау-кен металлургиялық институтының металлургиялық факультетіне оқуға түсті. Оны бітіргеннен кейін, ҚазКСР ҒА химия-металлургиялық институтының құрамына 1959 жылы берілген Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтының Байыту бөліміне 1957 жылы кіші ғылыми қызметкер қызметіне жіберіледі.

Жантөре Әбішевтің ғылыми қызметі Орталық Қазақстандағы академиялық ғылымның қалыптасуы мен дамуына тығыз байланысты және ірі ғалымдар: Қаз. КСР ҒА академиктері В.Понамаревтің, Е.Бөкетовтің, РҒА корреспондент-мүшесі В.Ревнивцевтің тікелей ықпалымен өз өрісін ұлғайтқан көрінеді. Мұның айқын мысалы, ол 1959 жылдан 1992 жылға дейін Қаз. КСР ҒА Химия-металлургия институтында Ж.Әбішев кіші ғылыми қызметкерден осы институттың директорына және Ұлттық Ғылым академиясының бірінші аймақтық Орталық-Қазақстан бөлімшесінің (ҚР ҰҒА ОҚБ) академик-хатшысына дейінгі жолдан өтті. Дарынды ғалымның негізгі ғылыми бағыты минералды және техногендік шикізаттарды кешенді өңдеудің қиыстырылған химия-металлургиялық процестердің технологиялық негіздерін жасау және теориялық іздену және де тау-кен металлургиялық өндірістердің аз қалдықты тұйық материалдық циклын жасау болды. Оның ғылыми біліктілігінің ерекшелігі өзінің ғылыми ынтасын «байыту», «түсті және қара металлургия» мамандығы бойынша білімі мен жетістіктеріне ұтымды ұштастыра білуінде болғандығын әріптестері жоғары бағалайды.

1963-1992 жж аралығындағы Ж.Әбішев пен оның қызметкерлерінің бағытты минерал түзілудің физика-химиялық негіздерін, минералды және техногенді шикізаттарды байыту және металлургиялық өңдеу процестеріндегі олардың механизмі мен химизмін жүйелі түрде зерттеулері жаңа ғылыми бағыттың - баланстан тыс, кедей, қиын байытылатын кендер мен тау-кен металлургия өндірісі қалдықтарын химиялық байытудың жолға қойылуына және дамуына себепкер болғаны белгілі.

Әйгілі ғалымның тікелей қатысымен

луға негіз болды. Фосфорлы темір кендер шикізаттарын жаңа технологиясын игеру жөніндегі бірлескен зерттеулердің нәтижелері кеңес-үндістан басылымдарында жинақталып, ұқсас шикізаттары бар басқа аймақтарда кеңінен таратылған. Осы бағытта 1966 жылы Ж.Әбішев «Ванадийді домналық шлактардан бөліп алу» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады, онда тек қара металлургияның ғана емес, сонымен қатар алюминий өнеркәсібі мен ванадий өндірісінің шикізат қорын кеңейтуді қамтамасыз ететін оолитті қоңыр темір-тастарды кешенді өңдеудің тиімділігі айрықша көрсетілген.

Ж.Әбішевтің ғылыми жетекшілігімен және тікелей қатысуымен 1975-1992 жж құрамында пирит бар шикізаттарды кешенді пайдалану бойынша қарқынды зерттеулер жүргізіледі. Бұл зерттеуге техника ғылымдарының кандидаттары Н.Балтынова, А.Көбжасов, А.Шындәулетова, К.Оразалина, А.Мұхтаров және басқалар қатысқан.

Алғаш рет жүргізілген табиғи пиритті термиялық ыдырату кезінде пайда болатын пирротиндердің магниттік қасиеттерін, ыдырау процесінің кинетикасын жүйелі зерттеу жұмыстары математикалық үлгі жасауға негіз болды. Бұл зерттеулердің нәтижесі «Темірдің магнитті сульфидтері» монографиясында («Наука» баспасы, Алматы, 1981ж.) жинақталған, соның негізінде пиритқұрамды шикізаттарды термоманиттік жолмен байытудың ерекше технологиясы жасалды, оның мәні пиритқұрамды шикізатты байытты температурада бір сатылы күйдіріп, одан кейін магниттік сепарациялау арқылы сұрыпты теміркүкіртті концентрат пен сирек және түсті металдармен байытылған өнім алу.

Полиметалды сульфидтік шикізаттарды магниттік байытудың теориялық негіздері мен технологиясы Ж.Әбішевтің 1982 жылы қорғаған докторлық диссертациясында («Механобр» институты, Ленинград қаласы), «Пиритті шикізаттарды термиялық өңдеу» атты монографиясында («Наука» баспасы, Алматы, 1986 ж.) жинақталған. Осы технология бойынша жасалған жұмыстар шетелдік 20 патентпен қорғалған.

Жантөре Әбішевтің қызметкерлер тобымен жүргізілген тотыққан мысты минералдарды күкірт элементінің қатысында сулы ортада автоклавты өңдеу арқылы сульфидті минералдарға бағытты түрлендірудің механизмін, химизмін, үрдістің кинетикасын зерттеу жұмыстары бағытты түрде минерал алу және іс жүзінде байытылмайтын кендерді дағдылы флотациялау әдісімен байытылатын кенге айналды

бірқатар тәсілдері ұсынылды.

Шикізат ресурстарды химиялық байыту дәстүрлі байытудың мүмкіншіліктерін елеулі кеңітті және жаңа басымды бағыт ретінде бұрынғы КСРО мен шетелдердің ғылыми жұртшылығы ресми түрде мойындалды. Осы бағыттағы зерттеулердің негізгі қағидалары халықаралық конгрестерде, симпозиумдарда, конференциялар мен мәслихаттарда - Бухаресте (1977ж.), Мәскеуде (1980 ж.), Токиода (1987 ж.), Прагада (1987 ж.), Стокгольмде (1988 ж.), Санкт-Петербургте (1989 - 1991 жж.), Сеулде (1991 ж.), Сан-Францискиде (1995ж.) баяндалды.

Өткізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша Ж.Әбішев 76 авторлық куәлік және 29 шетел патентін алған. 300-ден астам ғылыми жұмыстары (жеке өзі және авторлармен бірге), соның ішінде 8 монографиясы жарық көрген. Ғалымның жетекшілігімен бір докторлық, 10 кандидаттық диссертация сәтті қорғалған.

Қаз. КСР ҒА Химия-металлургиялық институтының қиын байытылған шикізаттарды кешенді және аса тиімді өңдеу бойынша жұмыстарының КСРО ҒТМК (ГКНТ) мен КСРО Ғылым академиясының 1986-1990 жж арналған пайдалы кендерді байытудың физика-химиялық проблемалары жөніндегі Жоғары Қайрақты, Көктіңкөл, Жәйрем кен орындарын игеру мақсатты кешенді бағдарламасы жөніндегі және де «Сібір» аймақтық ғылыми-зерттеу бағдарламасы жөніндегі КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің 16.10.1985 жылғы №968 арнаулы Қаулысы бойынша ҒЗЖ бағдарламасына кіруі Ж.Әбішев пен оның мектебінің ғылыми жетістіктерінің мойындалғанын айғақтайды.

Қазақстан ғалымдары 1983 жылы Жантөре Әбішевті Қаз. КСР ҒА корреспондент-мүшесі етіп сайлап, оның Орталық Қазақстандағы металлургиялық және химиялық ғылымдардың дамуына қосқан ғылыми үлесін жоғары бағалағаны да белгілі.

Ғылымға аса берілген ардақты азамат, іскер басшы Ж.Әбішевтің осы саладағы ұйымдастырушылық, жаңашылдық іс-әрекеті 1959-1992 жылдар аралығында айқын көрінді. Ол саналы ғұмырының 33 жылдан астам уақытын Химия -металлургия институтының өсіп, өркендеуіне жұмсады. Соның ішінде 20 жыл осы институттың директоры болды. Сөйтіп, әйгілі ғалым Орталық Қазақстандағы академиялық ғылымның қалыптасуына, аталмыш институттың дамуына, ондағы ғылыми-зерттеу жұмыстары деңгейінің көтерілуіне және жұмыс нәтижелерінің өндіріске бағытталуына зор үлес қосты.

1986 жылдың нәтижесі бойынша Қаз.

1985-1991 жж аралығында КСРО ҒА-ның бейорганикалық материалдардың физикасы-химиясы мен технология бөлімшесінің ғылыми әрекеттерін үйлестіру бойынша Кеңестің мүшесі, КСРО ҒА-ның геология, геофизика және геохимия бөлімшесінің пайдалы кендерді байытудың физика-химиялық проблема-сы бойынша Ғылыми Кеңес бюросының мүшесі. 1993 жылдан Қазақстан Республикасы ғылым және жаңа технология министрлігінің сараптау кеңесінің мүшесі «Пайдалы қазбаларды байыту» және «Қара металлургия» мамандықтары бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі минералды шикізатты кешенді өңдеу бойынша Ұлттық Орталықтың аймақтық мамандандырылған Кеңесінің төрағасы, 1994 жылдан пайдалы кендерді байыту бойынша хақықаралық конгрестің Ғылыми комитетінің мүшесі (Швеция, Лунда қаласы). Бірнеше рет «Қаз. КСР ҒА Хабаршысы» (1986-1989 жж.) «Қаз. КСР ҒА Хабарлары» (1986-1993 жж.) «Минералды шикізаттарды кешенді өңдеу» (1991 жылдан бері) журналдары редколлегиясының мүшесі болған ғалым ағаның қайраткерлік қызметі, міне, осылайша жалғаса береді.

1988-1992 ж.ж. аралығында Ж.Әбішев «Пайдалы кендерді байыту» және «Лисаковск кен орындарының қоңырқошқылтасты кендерін кешенді пайдалану» кіші бағдарламалар төңірегіндегі Қаз. КСР ҒА мақсатты кешенді бағдарламасы (МКБ) бойынша жүргізілетін жұмыстарды ұштастыруға және үйлестіруге институттың химиялық байыту, техногендік шикізаттар мен металлургияны пайдалану жағынан пәнаралық іргелі зерттеу жұмыстарының бағдарламасын қалыптастыруға, институтта құрылымдық өзгерістер жасауға, ҒЗЖ бағдарламасының конкурстық негізде қалыптасуына, Ғылыми Кеңес мүшелерін, зертхана меңгерушілерін баламалық сынақпен таңдауға, уақытша шығармашылық ұжымдар мен ғылыми-техникалық кооперативтер құруға айтарлықтай көңіл бөлген. Оның бұл әрекеттері ғылыми зерттеулерді компьютерлендіру мен автоматтандыруға және химия-металлургиялық институттың өнертапқыштық табыстарын өнеркәсіпке енгізуге айтарлықтай үлес болып қосылған еді.

1992 жылдың шілде айынан бастап Жантөре Нұрланұлының ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары бағытында жаңадан құрылған Ғылым мен жаңа технология министрлігінің ғылыми-ұйымдастыру басқармасының бастығы қызметіне ауысуына байланысты оның өмірінде жаңа кезеңнің басталғаны да - бір бөлек әңгіме.

ҚР Президентінің «Ғылымды ұйымдастыруды жетілдіру және республиканың

бөлінетін қождарын тұрақтандыру проблемасы шешілген, онда тығыз кесекшеленген материал алынып, одан әрі оларды құрлыстық тас ретінде қолдану тәжірибесі іске асырылған. Бұл тәжірибені Ақтөбе зауытының басшылары мен мамандары қызу қолдап, зауыт маңынан құрылыстық ұсақ тас өндірісінің телімін (учаскесін) ашқан еді, бұл өндіріс зауытқа үлкен пайда әкелген.

Металдардың сапасын арттыру және өзіндік құнын азайту мақсатында жүргізілген зерттеулер, әсіресе, сапалы тотықсыздандырғыш (арнайы кокс) ағудың мүмкіншілігі анықталынып, Шұбаркөл разрезінің ұзын жалынды тас көмірі негізінде тиімділігі жоғары металлургиялық отын өндірісінің технологиясы мұқият әзірленген еді.

Бір сөзбен айтқанда, қарағандылық дарынды ғалым Жантөре Әбішев Қазақстан өнеркәсібі мен оның химиялық және металлургиялық ғылымының дамуына өзінің лайықты үлесін қосты. Ол туралы естеліктер уақыттан озық, ал ғылыми жетістіктері мен ізденістері кептеген жылдар ауқымында өз құндылығын жоймайды.

Жақсы адамның өмірдегі адамгершілік, кісілік қырлары да шуақты және шырайлы сырларға толы.

- Жәкеңнің мінезі сырт кісіге тұйық, жұмбақтау көрінгенімен, ашылып сейлеген кезіндегі сұңғылалығы мен білімдарлығына, ескі әңгімелер мен тарихты жақсы білетіндігіне таң қалатынбыз, - дейді Манат Жақсыбергенұлы бізбен әңгімесінде. - Қазақтың батырлары мен билерінің қайдан шыққандығы, кейбір қала атауларының қалай пайда болғандығы жөнінде біз білмейтін мағлұматтарды алдымызға жайып салатын.

Жақсының артында жақсы сөз, айшықты із, өзіне де, еліне де жағымды ұрпақ қалады. Жантөре Әбішевтің ұлы Жандос әке жолын қуып, Мәскеудің металлургиялық институтын бітірді. Өз мамандығы бойынша жұмыс жасады. Қазір ол «Самұрық-Қазына» холдингіде жауапты қызметте.

Мақсаты асқақ, мұрасы бай ғалым-металлург, байытушы, Қарағандының қайсар перзенті Жантөре Әбішевтің мағыналы өмір жолы мен ғылымға қосқан ғұламалық еңбегін бір мақаланың аясына сыйғызып жазу мүмкін де емес. Тәуелсіздіктің түп қазығына айналып, туған елі мен жеріне адал әрі қалтқысыз қызмет етудің асқан үлгісін көрсеткен осындай асылдарымызды ардақтағанға не жетсін! Еліміздің қуатты, өміріміздің шуақты болуына қашанда ұлт зиялылары шын жанашыр болған ғой.

Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ,
журналист.